



Каукенова Макпал,

**Рудный әлеуметтік-гуманитарлық колледжінің 1 курс
студенті**

АРАЙЛАНҒАН АСТАНАМ, АСТАНАММЕН МАҚТАНАМ

Астана-Қазақстанның жаңаруының нышаны, оның көп ұлтты халқының жасампаз күш-қуатының куәсі. Бұл-соншалықты жеңіл тимеген заманның өзінде жаңа астанасын тұрғызуға бел шешіп кіріскен халықтың өзінің күш-жігеріне деген сенімнің белгісі. Бұл-азаттық алған ұлттың өзінің гүлденген болашағына, ұрпағының келешегіне зор үміттің көрінісі, өзінше бір айрықша, көп астарлы ұзақ тарих.

Мұны тек сөзбен айту, әрине, аздық етеді. Оны көре білетін көреген көз, сезінетін жүрек, тереңіне үңілетін ояу көкірек керегі даусыз нәрсе...

Астананың екпіні мен серпіні бейне еліміздің қан тамырларымен тарап жатқан сияқты, басқа қалалар мен өңірлер де тіршілігін жандандырды және белсенділігін еселей түсті.

Астанаға жақын орналасқан Көкшетау, Қарағанды, Қостанай, Павлодар сияқты қала тұрғындары өз қалаларында өркендеу мен прогрестің астаналық рухы сезілгенін анық аңғарды.

Өзім тұратын Рудный қаласын да осы тізімге жатқызамын. Ата-анам мен ұстаздарымның айтуына қарағанда, 90-жылдардың басындағы Рудный мен қазіргі Рудныйдың арасы жер мен көктей. Жаңа құрылыс тез дамып, бой түзей бастады. Көптеген кең көшелері, жасыл гүлзарлары жайқалған, жиырмадан астам мектептері мен балабақшалары, мәдениет және спорт сарайлары, емдеу мекемелері және дүкендер, мейрамханалар бірін-бірі қайталамайтын архитектуралық құрылыстарымен қалаға көрік берсе, адамдар көп дем алатын жерлердегі субұрқақтар қала сәніне сән қосуда. Ал, Рудный қаласынан небәрі қырық бес километр жерде жатқан облыс орталығы

Қостанайдың кезінде қызыл кірпіштен өріліп салынған жүз жылдан астам бері қаз-қалпында тұрған ғимараттары осы күнде де Қостанайға ерекше сән береді. Демалыс күндері қала тұрғындары сұлулығы көз тартатын Әл-Фараби даңғылы бойында орналасқан «Сити» орталығына келеді, фонтан түбінде сайран салады, суретке түседі, әсем гүлді гүлзарлардың ортасында серуен құрып, уақыттарын көңілді өткізеді. Қостанайдың кіре берісіндегі , көшелеріндегі үлкен құмыраларға отырғызылған әртүрлі гүлдер хош иісімен де, әсемдігімен де қала қонақтарының көңіліне қуаныш ұялатады. Ал, қазіргі астана мәртебесі Астана атын иеленумен ғана емес,соған лайық үлкен міндетті алып қана жүрмей,оны заман көшінен қалдырмай ілгері сүйреп келеді.

Астана бүгінгі күні қалаға ағылу мен халқының молаю қарқыны жағынан Қазақстандағы ең шапшаң өсіп келе жатқан қала болып табылады. Бүгін біздің жаңа елордамыз Астана құрылыс пен сәулет саласындағы алуан түрлі көзқарастарды бойына жинақтады.Бірақ Елорда сәулет нысандарының арқасында ғана емес,онда тұратын Қазақстан азаматтарының өзінің туған жерін,елін жайнатуға,осы жерден бейбітшілік,келісім мен игілікті істердің жазылмаған қағидасын жасауға ұмтылған шын ниет пен түсінушіліктің арқасында астанаға айналды.

«Нұр-Астана» мешіті, «Астана-Тауэр» бизнес орталығы, Л. Н. Гумилев атындағы «Еуразия ұлттық» университеті, «Қазақстан» спорт сарайы, «Думан» ойын-сауық кешені, «Атамекен» этнопаркі , «Ғашықтар саябағы» сынды Астананың көркіне көз тоймас талай ғажайыптары, бүгінгі өмірдің талабымен үндесіп жанды баурайды, көңіл-күйді шарықтатады,әдет-ғұрып салтымызға,рухани байлығымызға деген құрмет сезіміне бөлеп, сүйіспеншілікке жетелейді, әсіресе жастарды елдік рухқа баулуға,оны қалыптастыруға әсері ерекше күшті.

Қайда көз салсаңыз да, бұрынғы әрең ілбіген қала тіршілігінің күйбеңінен артылмаған жерлердің бәрінде қайнаған өмір,қозғалыс,қам-қарекет,шаттық,жетістіктер және қазіргі астанаға деген мақтаныш сезіледі. Бірақ оның ішкі сұлулығын сезіну,мәнін түсіну ,мұнда бас көтеріп келе жатқан күдірет -күшті аңғару,басталған нәрсенің аяқталғанын көру,сөйтіп, астананың болашағына үңілу -мұның бәрін Астанаға адал ниет,ақ көңілмен ,жүректегі сеніммен тұрып,өмір сүрген жан ғана түсінеді дер едім.

Қазақстанның бүгінгі елордасы Астана -Қазақстанның халық саны бойынша екінші,ал даму қарқыны бойынша бірінші орындағы

қаласы.Астана бүгінгі күні республиканың әкімшілік орталығы болса,келешекте республиканың мәдени,ғылыми және өнеркәсібі дамыған орталығына айналатынына Нұрсұлтан Әбішұлы сияқты ұлы қайраткер тұрғанда біз жастар әрдайым сенеміз.

Қазақстанның жер қойнауында Менделеев кестесіне енген элементтердің барлығы да бар.Бізге әлемнің басқа елдері қызыға да,қызғана да қарайды.Олар біздің көнбіс те,еңбекқор халқымыз бүкіл Еуропаны қоректендіре алатын дүниежүзіндегі ең тамаша бидайды өсіре білетіндігі үшін сыйлайды.Енді біреулері біздің жеріміздің кеңдігіне,өзен-көлдеріміз бен байтақ далаларымызға қызығады.Ал,былайғы жұртшылықтың көбі дара данышпандығы мен көрегендігінің үлгісі сынды өзін жақсы басшы ретінде көрсете білген Н.Ә.Назарбаевтай Президентіміздің барлығына қызығады.

Кезінде хан Абылай қалмаққа тұтқынға түскенде одан: «Не арманың бар?» деп сұраған екен, сонда Абылай: «Арман көп,үш жүздің басын қоссам деп едім,қоса алмадым.Қала салсам деп едім,сала алмадым.Көшіп-қонған елімді орнықтырып,тұтас ел етсем деп едім, оны да істей алмадым.Келешек ұрпаққа осы үш арманым да Аманат» деген екен.Абылайдың сол армандарын жүзеге асырып,аманатын орындаған Н. Ә. Назарбаев екеніне ешкімнің таласы жоқ шығар.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың ерлікке толы еңбегін бүгінде әлем танып,мойындап отыр. «Ел мен Елбасы» бөлінбейтін егіз ұғымға айналды.Астана - көз алдымызда жыл санап емес,ай санап емес,күн санап емес,сағат санап аңызға бергісіз ақиқат шындықпен өсіп келе жатқан нұрлы қала.Оған бара қалсаң,сұлу көріністерге куә боласың да, қайтарда бір қимастық сезім билеп алады.Елбасымыз айтқандай,жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның жаңа Астанасы әрі жас Астанасы кімнің болса да көкірегінде арайлы рухты оятады.

Алыстан айбынды көрінетін мәдениеттің қайнаған қазаны,жайнап тұрған ажарлы Ақорданы,қаланың қалыптасу жолдарын бүгінгі ұрпақ сезініп,әрбір қазақстандық «Менің Астанам» деп мақтанышпен айтады.

Соңғы жылдары құрбыларымның аузынан «Астанаға оқуға түсем», «Астанада жұмыс істеймін», «Астанаға ағама барамын,туысыма барамын», тағы сол сияқты сөздерді жиі естіп қаламын,бұл заңды да,жастардың жақсы тұрмыс кешіп,жан-жақты білім алып,өсіп-

[Введите текст]

өркендеуіне, дамуына барлық жағдай бар екенін әрбір жас біледі және олардың мақтанышы да, еліміздің әні мен сәні де - осы Астана.

Болашақта өз ойларым мен арман-мұраттарымды еліміздің астанасында іске асырып, жемісін көрсем, Астанаға «теңізге құйған тамшыдай» болса да үлес қоссам деп армандаймын.